

**«Балдәурен» мектеп жанынан құрылған жазғы сауықтыру лагерінің
2024-2025 оқу жылындағы атқарған жұмысына талдауы**

«Балдәурен» жазғы сауықтыру лагері көпбалалы отбасы және әлеуметтік көмекке зәру 50 баланы 2025 жылдың 2 -маусымынан 13- маусым аралығында демалдырды. Бастауыш сынып мұғалімі – Самарканова Акерке Салтанатқызы оқушылардың мектептегі жазғы сауықтыру лагерінің жұмысына жетекшілік етіп, жұмыс жоспарын жасап, оқушылармен өмір қауіпсіздік ережесін жүргізіп және олардың демалатын бөлмелері мен спорт ойын алаңын актілеп қабылдап алды. Оқушылар арасында өтетін тәрбиелік іс-шаралардың өз деңгейінде өтілуі мен мәдени орындарға апаруды ұйымдастыру бастауыш сынып мұғалімдері Раисова А.Ж мен Касенова А.М міндеттелді. Лагердегі оқушыларға таңғы жаттығу жасату, спорттық ойындар өткізу денешынықтыру пән мұғалімі А.К. Қуатовқа жүктелді. Тәрбиелік шараларды музыкамен сүйемелдеу ән-күй пән мұғалімі Жәмелов Әсетке тапсырылды.

25 баладан 2 топ құрылып, топтарға «Қыран», «Балдырған» атаулары берілді. Канапина А.А, Манабаева Г.С, Бектібаева А.К, Тікіжікова М.С топтың тәрбиешілері болып бекітілді. Екі аптаға лайықталып лагердің жұмыс жоспары жасалды. Лагерь таңғы 8:30-16:30 уақыт аралығында жұмыс жасады.

Мектеп асханасын жалға алушы жеке кәсіпкер Тайбаланова Гүлнар 10 күнге ас мәзірін дайындап, демалушыларды тамақтандырды. Лагерьде өткізілген шаралар: «Кел, танысайық!»Таныс болайық» тақырыбында танысу тренингтері, 1-маусым «Балаларды қорғау күнінде» лагерьдің салтанатты ашылуы өтті. Мемлекеттік рәміздер күніне орай «Ел рәміздері-еркіндік нышаны» танымдық сабағы өткізілді.

Танымдық: «Этнопаркке саяхат», «English Around the Word:Explore,Learn,Enjoy!» (танымдық ойын,) «Радуга творчества» орыс тілінен танымдық сабақ, «Who is faster?» (ағылшын тілінде топтық сайыс)

Спорттық: «Көңілді эстафета», «Мен спортшы боламын», «Ұлттық ойын- тәрбиенің бастауы» эстафеталық жарыс, «Футбол жұлдызы», «Спорт-сенің серігің!» эстафеталық жарыс;

Шығармашылық: Сурет салу,, «Ойлаймыз, ойнаймыз!» (пазл құрастыру), «Шебер оймақ» қолөнер бұйымдарын жасау, «Панно, гербарий жасау өнерін білесің бе?» ;

Тәрбие жұмыстары: Тәрбие сағаттары, патриоттық әңгімелер, «Лагерь ханзадасы», «Лагерь ханшайымы» «Әкешім -мақтанышым»,№8 өрт сөндіру бөліміне саяхат.булинг туралы дөңгелек үстел, сауалнама;

Мерекелік: Балаларды қорғау күніне арналған концерт және лагерьдің ашылу салтанаты , «Рәміздерім - мақтанышым», жабылу салтанаты.



Үштілділікті жүзеге асыру бойынша ағылшын пәні мұғалімдері «English Around the Word: Explore, Learn, Enjoy!» ойынын және орыс тілі пәні мұғалімдері «Радуга творчества» танымдық сабағын өткізу арқылы демалушылардың тілдерді меңгеруге деген қызығушылықтарын арттыра білді.



Мәдени орындар: «Юбилейный» кинотеатрында «Лило және Стич» мультфильмін көру, «Тасқын» балалар анимациясы фестивалі, энтосаябақта әрбір ұлт өкілдерінің үйлерін аралап, тұрмыс тіршілігімен танысу, зообақтағы хайуанаттарды қызықтау, Ертіс өзенінде теплоходпен қыдыру, «Дельфин» бассейнінде шомылу, №8 өр сөндіру бөліміне саяхат, ШҚО драма театрында «Алтын балапан» ертегі қойылымын көру балалардың лагерьдегі уақыттарын көңілді, пайдалы өтуіне өзіндік ықпалын тигізді.



**Лагерьде өткізілген сайыстарға белсенділікпен қатысып,
марапат алған балалар мен топтар жайлы мәлімет**

Сайыс атауы	Оқушының , топтың аты	Сыныбы	Алған орны
«Квест» қазына іздеу ойыны	«Балдырған» «Қыран»		«Қыран» тобы жеңімпаз атанды
«Спорт сенің серігің» эстафеталық жарыс	«Балдырған» «Қыран»		«Балдырған» тобы жеңімпаз атанды
Жас модель, жас дизайнер	Айдынкызы Ару	4 а	Жас дизайнер
	Айдынкызы Еркежан	1 б	Жас модель
Лагерь мықтылары	«Балдырған» «Қыран»		«Балдырған» тобы жеңімпаз атанды
«Әуелеген әндер» музыкалық сайыс	Қайымхан Диар	1 а	Бас жүлде
	Алтынбек Жансая	4 б	1 орын
	Абдуали Еркеназ, Еркежан	3 в	2 орын
	Берікқазы Айсана	1 а	3 орын
«Жас жұлдыз» әншілер байқауы	«Балдырған» «Қыран»		«Қыран» тобы жеңімпаз атанды
«Футбол жұлдызы»	«Балдырған» «Қыран»		«Балдырған» тобы жеңімпаз атанды
«Ұлттық ойын-тәрбиенің бастауы»	«Балдырған» «Қыран»		«Қыран» тобы жеңімпаз атанды

13 маусымда өткен «Балдәурен-балалық шақтың бақыт аралы» тақырыбында лагердің жабылуы өткізіліп, тәрбиешілер мен балалардан кері байланыс алынды. Сонымен қатар «Лагерьдегі үздік сэлфи» фотосурет конкурсының нәтижесі бойынша марапаттау рәсімдері ұйымдастырылды.

«Үздік жол нұсқаушысы» номинациясын Маратов Алдияр мен Оралбек Жанарыс, «Үздік көшбасшы» номинациясын Алтынбек Жансая иеленді.

Лагерь демалушылары мен ата-аналар ұйымдастырушы мен тәрбиешілерге алғыстарын айтып, ризашылығын білдірді. Лагерьде жұмыс жасаған мұғалімдер шығармашылықпен және жауапкершілікпен өздеріне міндеттелген қызметті атқарды.

Мектеп директоры:



А. Е. Серикбаева

<https://www.instagram.com/reel/DKWWpYKyLX/?igsh=bzZuajdtYTVhdzVj>

<https://www.instagram.com/reel/DKbAeM1ldzP/?igsh=MXkyaTlhCTFxMTYwaA==>

<https://www.instagram.com/reel/DKdq5JyI3qT/?igsh=Z2JwcnZhNmRoazBu>

<https://www.instagram.com/reel/DKfkzTelB-z/?igsh=dDJxd2txMGR4eGR1>

<https://www.instagram.com/reel/DKfLMIZINLu/?igsh=d3ZqdTcycXR1cDRh>

<https://www.instagram.com/reel/DKhOAFIKSIF/?igsh=b2Nha3pscjYwdzF5>

<https://www.instagram.com/reel/DKsO3JCsxPu/?igsh=c2Z3cWV4NXVmY3Q0>

<https://www.instagram.com/reel/DKuOQWNq-Md/?igsh=MTUwYmpubzkyNHcwaQ==>

https://www.instagram.com/reel/DKyXsSqK_Se/?igsh=Nzc1bm03cHRudTRq

<https://www.instagram.com/reel/DKzoTMEKs6v/?igsh=MXBwbDZqM2Vjem45Zw==>